

Бекітемін: *Асаф*  
«Күншуақ» жеке меншік  
бөбекжай-бақшасының  
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

## «ҒАЖАЙЫП ОРМАНҒА САЯХАТ»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ұйымдастырылған спорттық шарасы)



Тәрбиеші: *Ходжа-Ахметова К*

Таушық ауылы 07.02.2025 жыл

## **Тақырыбы: «Ғажайып орманға саяхат»**

**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың ойын арқылы шығармашылығын дамыту. Ну орманға саяхат кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір - біріне деген достық қарым - қатынастарын дамыту. Жабайы аңдармен ,онда өсетін ағаштар мен жемістермен таныстыру.

**Қажетті құралдар:** ағаштар, жіптер, доптар, ойыншықтар,дүрбілер,жемістер. (Өуенмен балалар залға бірінің артынан бірі сапқа тұрып кіреді.)

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіңдер ме балалар! Көңіл-күйлерің қалай? Келіңдер шаттық шеңберге жиналып, жаттығу жасайық!

1. Шеңбер бойымен сапты түзеп жүреміз,жүгіреміз.
2. Аяқтың ұшымен жүреміз, өкшемен жүреміз.
3. Тіземізді ұстап, отырып жүреміз.
4. «Балдырған» жаттығуы. Аяқты алшақ ашамыз, екі қолды төмен түсіреміз.1-қолды алға созамыз,2-қолды жоғары көтереміз,3-қолды оңға қарай тербелеміз,4-қолды солға қарай тербелеміз.
5. Ауамен терең тыныстап дем аламыз да, мұрнымызбен шығарамыз.

**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар! Білесіңдер ме балалар, бізде бүгін ерекше күн. Сендер саяхатқа барғыларың келе ме? Біз бүгін «джунглиге» саяхат жасаймыз. «Джунгли» сөзі қазақшаға аударғанда «ну орман»деп аталады екен, яғни «ғажайып орманға» саяхаттаймыз. Балалар саяхатқа бару үшін, біз теңіз арқылы кемемен барамыз. Жолға шығайық.

(Балалар шеңбер бойымен жүреді, кемеге отырады. толқынның, судың даусы естіледі)

**Тәрбиеші:** Балалар, дүрбілеріңді салып, көздеп жан-жақтарыңа, алдыңызға қараңдар. Нені көріп тұрсыңдар? Аралдар, ағаштар,жануарларды көрдіңдер ме?

**Балалар:** Ия.

**Тәрбиеші:**Балалар, бұл Бразилия деген өте әдемі, қызықты ел. Бразилияның көп жерін джунгли алып жатыр. Қалың ну ормандар. Джунглиде көптеген жабайы жануарлар мен құстар, цитрусті жемістер өседі. Мен сендерді сол жерлерге жеткізейін. Міне, балалар біз келіп жеттік. Алдымен кедергі жолдардан өтейік.

**Тәрбиеші:** Қараңдаршы, балалар! Нені көріп тұрсыңдар? Жабайы аңдар,маймылдар, құстар, пальма ағаштары. Бұл ағаштарда қандай жемістер өсетінін білесіңдер ме? Цитрусты жемістер-банан, ананас өседі екен. Мынау жіптер «лиана» деп аталатын оралып өсетін ұзын өсімдік екен. Маймылдар осы лиана өсімдігімен тербеліп ағаштан ағашқа секіріп ойнайды екен. Қызық ия, балалар. Мына ағашта отырған құсты танысыңдар ма, балалар? Бұл- тотықұс . Ол сөйлей алады. Балалар, тотықұстың бізге дайындап қойған тапсырмалары бар екен. Орындап көреміз бе?

Келіңдер, ендеше екі топқа бөлініңдер. (себетте берілген жануарларды таңдай отырып, екі топқа бөлінеді)

**1. «Жүйріктер» тобы**

**2. «Алғырлар» тобы**

**1-тапсырма:** «Көпірден өту» деп аталады. Яғни, шарты: гимнастикалық скамейкадан жаттығу ережесін бұзбай өтіп, кубиктерден секіру арқылы бірінші боп жету.

**2-тапсырма:** «Маймылды қоректендір» деп аталады. Шарты: Баспалдаққа маймылша өрмелеп, бананды алып, жіпке тізілген маймылға беру.

**3- тапсырма:** «Қолтырауыннан қаш» Шарты: Қол белде, екі аяқты қосып секіру. Кругтардан секіріп өту арқылы бірінші боп жету.

**4-тапсырма:** «Кім жылдам?» Тыныс алу жаттығуы. Шарты: Екі қол белде, ауызбен үрлеу арқылы құстарды ағашқа орналастыру.

**5-тапсырма:** «Жемістерді жина» Шарты: Кеудемен скамейкадан өрмелей отырып, кедергілер арасымен жүгіріп жемістерді себетке жинау.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар, балалар!

Қонақтарымыз балалардың ойынға қатысқан деңгейін реттеп бағалағанша мен сендерді би билеуге шақырамын. Ну ормандағы жануарлар би билеп, көңіл көтергенді ұнатады.

**Би:** «Чунга-чанга»

**Тәрбиеші:** Балалар осы саяхатқа келген сендерге тотықұстың дайындаған өте тәтті сыйлықтар бар, ол сыйлықтар жасырылған. Тауып алсаңдар сыйлық сендердікі болады.

(Балалар іздеп, жасырылған банандарды тауып алады.)

**Тәрбиеші:** Балалар, осымен біздің саяхатымыз аяқталды. Бәріміз кемеге отырып, тобымызға оралайық. (Балалар кемеге отырып, залды бір айналып сапқа тұрады.)

**Тәрбиеші:** Балалар, сендерге бүгінгі саяхатымыз ұнады ма?

**Балалар:** - Иә, ұнады!

(Балаларды марапаттау)

**Тәрбиеші:** Балалар, осымен саяхатымыз аяқталды, келген қонақтарымызға қош сау болындар айтамыз.

**Балалар:** Қош, сау болыңыздар!

(Балалар саппен залдан әуен ырғағымен шығады.)



